



**Психологиялық қонақ бөлме:**

**«Біздің қарым қатынас құралымыз»**

Педагог-психолог: Казғалиева Мадина Нурлановна



Мақсаты : Педагогтардың бір – бірімен қарым –қатынасын жақсарту, бір-бірінің ой-пікірін қабылдауға үйрету.

Сәлемдесу. Менің тренингтік есімім.

Шарты: Топ дөңгелек болып отырады, қатысушылар кезекпен сәлемдесіп, әр қатысушы есімін айта отырып, өз бойындағы жақсы қасиеттерді қоса айтады.

Жүргізуші қатысушылардың бойында табылған нақты қасиеттерді саралап, қортындылай келе ережемен таныстырады.

ЕРЕЖЕ:

1. Құпиялылық
2. Бір-бірімізді тыңдаймыз және сөзді бөлмейміз
3. Белсенді боламыз
4. Бір-бірімізге ренжімейміз
5. «қазір» және «осында» принципі

«Жер сілкінісі» қыздыру жаттығуы

Мұнда топқа қатысушы адамдар 3-3-тен болып тұрады. Екеуі шатыр және бір адам олардың астында тұрады. Жүргізуші шатыр деген команда бергенде, шатыр жасап тұрған балалар ауысуы керек. Жүргізуші «адамдар» деген команда бергенде, шатыр астындағы адамдар орнын ауыстырады. Ал егер, «жер сілкінісі» деген команда болғанда, барлығы орын ауыстыруы керек.

" Ұқсастық шегі ." жаттығуы

Шарты : Қатысушылар жұптасып отырады , А 4 қағаз беті және қалам қажет . Жанындағы жұбына қарап, ұқсастықты тауып, " Біздің ұқсастығымыз" деп А 4 қағаз бетіне жазады. Ұқсастық табу үшін 4 мин уақыт беріледі. Жаттығуды орындағаннан кейін, жұп бір – бірінің жазған ұқсастығын оқып өз ойларын айтады.

"Пульс ойыны"

Дөңгеленіп отырамыз. Қатысушылар бір – бірінің қолынан ұстайды. Бір ойыншы ортаға шығады. Жүргізуші "басталды" деген белгі бергенде ойыншылар кезекпен қолдарын қысады. Ортадағы ойыншы пульстың қайда кетіп бара жатқанын табу қажет. Жүргізуші "тоқта" деген белгі береді

«Қатып қалу» жаттығуы.

Топтың бір мүшесі қозғалыссыз бір қалыпты қатып қалуы тиіс.

«Реаниматордың» мақсаты оның рөлінде топ мүшелерінің бірі болады «тірілту» бұл адамды еріту болып табылады. Бұл үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады мимика, көзқарас, сөздер және т.б ескеретін жайт «қатып қалған» адамға қол тигізбеуі тиіс.

Сәтті жұмыстың белгілері- «қатып қалғанның» еріксіз күлкісі және т.б болады. Содан кейін ортаға басқа біреу шығып, қатып қалады да жаңа «реаниматор» оны тірілтеді, бұл әрекет ары қарай жалғаса береді.

«Суретті аяқта» жаттығуы

Қатысушыларға алдын ала даярлаған плакатта немесе тақтада бір нүкте салынады. Оқушылар кезек -кезек шығып, сол нүктеден бастап бір сызықтан салады, соңында шыққан суретті бағалап, әркім өзі жүргізген сызық арқылы нені бейнелеуге тырысқанын және қандай сурет нәтижесінде шыққанын бағалайды.

Қоштасу. Бір-бір бетке қатысушы педагогтың аты-жөні жазылады. Сол бетке кез келген қатысушы тілектерін және не сыйлайтынын мысалы: «Ақбота мен саған үлкен бақыт сыйлаймын немесе саған ашық мінез сыйлаймын!» деп жазуы керек.